

М.Тынышбаев атындағы қазақ көлік және коммуникациялар академиясы

Тақырыбы:

1960 ЖЫЛДАРДАҒЫ РЕФОРМАЛАР

Орындаған: Жеңісқызы Ләззат

ЖОСПАР

- Шаруашылық реформасы
- Ғылыми-техникалық прогресс
- Өнеркәсіптің даму қарқыны
- Ауыл шаруашылығын өркендетуге арналған іс-шаралар
- Ауыл тұрғындарының тұрмысы
- И. Худенконың шаруашылықты басқарудағы жаңа әдісі.

ШАРУАШЫЛЫҚ РЕФОРМАСЫ

- ▣ ~~60-жылдардың ортасында кеңес экономикасын барынша~~ нығайтуға тырысқан ел басшылығы жаңа шаруашылық реформаларын жүргізе бастады. Бұл бір уақытта бірнеше саланы - өнеркәсіп, құрылыс, ауыл шаруашылығын қамтыған, соғыстан кейінгі кезеңдегі экономиканы қайта ұйымдастырудағы ең ірі шаралар болды. Сол кездегі КСРО Министрлер Кеңесінің төрағасы А.Н.Косыгин бастаған реформашыл күштер экономиканы басқарудағы әкімшілікті сынай отырып, өнеркәсіпті басқаруды салалық қағидамен, жүзеге асыруды, өнеркәсіп салалары бойынша одақтық-республикалық министрліктер құруды ұсынды. Кәсіпорындарға дербестік берілді, оларға шаруашылық есеп әдісі кеңінен ене бастап, қызметкерлерді экономикалық жағынан ынталандыру мен материалдық жағынан марапаттау шаралары неғұрлым ойластырылған түрде қолданыла бастады.

- 1965 жылы алтыншы шақырылған КСРО Жоғарғы Кеңесінің сессиясы өнеркәсіпті басқару жүйесіне өзгерістер енгізу мен бірқатар мемлекеттік жоспарлау органдарын қайта құру жөнінде заң қабылдады. Мұның соңынан осындай қаулылар мен заңдарды республикалық басқару органдары қабылдады. Осыған сәйкес өзгерістер Қазақ КСР Конституциясының мәтініне де енді. Қабылданған шешімдерге сай Қазақ КСР халық шаруашылығы Кеңесі мен экономикалық аудандардың совнархоздары таратылды. Республикада бірқатар одақтық-республикалық салалық министрліктер (түсті металлургия, геология, мелиорация мен су шаруашылығы т. б.) құрылып, құрылыс материалдары, орман, целлюлоза-қағаз және ағаш өңдеу, тамақ өнеркәсібі кәсіпорындары біріктірілді.

ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ПРОГРЕСС

- Бұл шаралар елдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы қолайсыз бағытта өрістеуін белгілі бір уақытқа тежеп, экономикадағы хал-ахуалды жақсарту үшін жаңа алғышарттар қалыптастырды. Мұндай қажеттілік 60-жылдардың бас кезінде, КСРО қуатты экономикалық және ғылыми әлеуетке ие болған кезде пісіп-жетілді. Ғылымның дамуының ерекше жетістігі - 1961 жылы 12 сәуірде Ю.А. Гагариннің адамзат тарихында алғаш рет ғарышқа сапар шегуі болды. Бұл тарихи оқиға экономиканы ғылыми-техникалық революцияның жетістіктеріне сүйенген ғылыми-өнеркәсіптік өндіріске көшіруді бастаудың қажеттігін көрсетті.



**БҰЛ ОКИҒАНЫҢ
ҚҰРМЕТІНЕ
КАЗАҚТЫҢ ЖАС
АҚЫНЫ ОЛЖАС
СҮЛЕЙМЕНОВ
«АДАМҒА ТАБЫН,
ЖЕР, ЕНДІ!» АТТЫ
ПОЭМАСЫН ЖАЗДЫ.**



- Ғылыми-техникалық прогрестің негізгі бағыттарының бірі - өндірісті электрлендіру деп танылды. Жұмыс істей бастаған Қарағандының 2-ГРЭС-і мен Бұқтырма ГЭС-тері жоғарғы техникалық-экономикалық көрсеткіштерімен ерекшеленді. Ұзындығы 45 мың км-ден астам электр тасымалдаудын, жоғары қуатты желілері республиканы барлық бағыттар бойынша көктей қиып өтті. Салаларды техникалық жағынан қайта жарақтандыру көмір өнеркәсібінде де енгізілді. Көмір өндірудің барлық процестері негізінен механикаландырылды.

□ Қондырғыларды автоматтандыру «Қарағандыкөмір» комбинатында 2700 адамды босату мен комбинат бойынша еңбек өнімділігін 6% арттыруға мүмкіндік берді. Екібастұз көмір кесіндісі ірі кен өндіретін кәсіпорынға айналды. Мұнда көмір әндіру ашық әдіспен жүзеге асырылып, жұмысқа қуатты экскаваторлар пайдаланылды. М.И. Калинин атындағы Шымкент ұсталық-сығымдау (пресс) қондырғылары зауытының, жұмыс технологиясы жақсартылды. Озық технологиялық процестерді дайындау мен оны өндіріске еңгізу үшін 1965 жылы Ащысай полиметалл комбинаты жұмысшылары мен республика ғалымдарының үлкен бір тобына Лениндік сыйлықтың лауреаты атағы берілді. Мұнай өндіру, мұнай өңдеу, іздестіру-барлау жұмыстарының технологиясы тұтастай өзгерді. Техникалық прогресс өнеркәсіптің басқа салаларын да қамтыды.

ӨНЕРКӘСІПТІҢ ДАМУ ҚАРҚЫНЫ

- Техникалық прогрестің негізінде республика үшін өнеркәсіптің жаңа салалары дами бастады.

Республика титан, магний, синтетикалық каучук, полиэтилен, көтергіш крандар шығара бастады. Өскемен конденсатор және Кентау трансформатор зауыты, Семей кабель зауыты тәрізді электротехникалық машина жасаудың ірі кәсіпорындары қатарға қосылды. Павлодар машина жасау зауыты трактор зауыты болып қайта құрылды. Химия өнеркәсібі қуатты салаға айналды. Маңғыстаудағы мұнай және газ кен орындарын игеру жөнінде ірі шаралар жүзеге асырылды. 1965 жылы Өзен кен орны өзінің бірінші мұнайын берді.

- Жеңіл және тамақ өнеркәсібі жаңа кәсіпорындармен толықты. Алматы, Шымкентте мақта-мата өнеркәсібі кәсіпорындары, ал Жезқазған, Семей, Ақтөбеде - тоқыма фабрикалары іске қосылды. Азық-түлік өнеркәсібі кәсіпорындары Жамбылда (қазіргі Тараз), Теміртауда өнім бере бастады. Бесжылдықта экономикалық күш-қуат едәуір өсті. Өндірістік қорлар екі еседен астам артты.

•1965 жылғы

• шаруашылық реформасы бойынша жасалған қадамдар техникалық жағынан қайта жаратандыру, еңбек пен өндірісті ұйымдастыруды жетілдіру жөніндегі мәселелерді шешуге ынталандырды. Кәсіпорын қызметін шамадан тыс бақылау жойылып, шаруашылық дербестігі ұлғая түсті. Пайда, баға, ақшалай сыйлық, несие тәрізді экономикалық тетіктер жұмыс істей бастады. Әрбір қызметкер мен бүтіндей кәсіпорынды материалдық жағынан ынталандыруға баса назар аударылды.

•1966 жылы

• Қазақстанда жоспарлаудың жаңа тәртібіне 11 өнеркәсіп орны, оның ішінде Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты, Шымкент цемент зауыты, Алматыдағы «Жемісу» аяқ киім фабрикасы т. б. көшті. Басқарудың жаңа формаларына өткен кәсіпорындар жоспарларын асыра орындай бастады, олардың қайтарымдылығы да артты. Сол кезде шаруашылық жүргізудің мұндай формасына басқа кәсіпорындарды да көшіру жөнінде шешім қабылданды.

•1967 жылдың

• соңында онымен 193 кәсіпорын, яғни республикадағы барлық өнеркәсіп орындарының 10%-ы жұмыс істеп, онда барлық жұмысшылардың төрттен бір бөлігі қамтылды, олар жалпы өнеркәсіп өнімдерінің үштен біріне жуығын өндірді. Келесі екі жылда 13 министрлік пен ведомство өз кәсіпорындарын шаруашылық жүргізудің жаңа жүйесіне көшіруді толық аяқтады.

•1970 жылға

• қарай кәсіпорындардың 80%-ынан астамы жоспарлаудың жаңа жүйесі бойынша жұмыс істеді. Қолға алынған шаруашылық реформасы кәсіпорындар, құрылыс пен көлік жұмысын жандандыра түсті.

- 1970 жылға қарай КСРО халық шаруашылығында көмір және темір кенін өндіру, болат балқыту мен қара металдарды прокаттаудың меншікті үлесі өсті. Республика қорғасын, мыс пен титан өндіруден бүкілодақтың өнімнің басым бөлігін берді. Сол уақытта мұнай өндіру мен химия өнеркәсібі жалпы одақтық маңызға ие болды.
- Жаңа өнеркәсіп аудандарының қалыптасуы мен дамуы, жаңа кен орындарын игеру жүзеге асты. Маңғыстау түбегіндегі мұнай кен орындарын игеру жылдамдатылған қарқынмен жүргізілді. Каспий теңізінің жағасында, Шевченко (қазіргі Ақтау) қаласының жанында дүние жүзінде тұңғыш реэт су тұшытатын атомдық қондырғы орнатылды. Республиканың жеңіл өнеркәсібі тез қарқынмен дамып, тек бес жылдың ішінде жеңіл және тоқыма өнеркәсібінің 14 ірі фабрикалары мен комбинаттары қатарға қосылды.

□ 60-жылдардағы өнеркәсілтің даму қарқыны республика картасында жаңа қалалардың пайда болуына себепші болды. Жаңа қалалардың салынуы пайдалы қазбалар мен ірі кен орындарымен байланысты еді. Бұрынғы жұмысшы кенттері қалаларға айналды немесе Қостанай облысындағы Рудный қаласы, Маңғыстаудағы Ақтау қаласы тәрізді қайтадан тұрғызылды. Қала тұрғызуда шешуші рөлді әр түрлі ведомстволар атқарды. Пайдалы қазбаларды ендіру орындарында жұмыс істеу үшін елдің барлық түкпірінен жұмысшылар тартылды. Нәтижесінде республиканың демографиялық жағдайы бұрынғыданда қиындап кетті. Мәселен, 1959-1964 жылдары Қазақстанға жылына орта есеппен 64 мың адам келген болса, 1965-1975 жылдары Қазақ КСР халық шаруашылығына басқа республикалардан 115 мың адам келіп қосылды.

- Өнеркөсіптің дамуы мен мұнайлы аудандарды игеруге байланысты Қазақстанда темір жолдар қызу қарқынмен салынды. Бұл жылдары көліктің: әуе, су, құбыр, әсіресе, автокөлік түрлері дамыды. Автомобиль көлігінің материалдық-техникалық базасы нығайды. 1970 жылы Қазақстандағы тас тәселген автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы 40 мың шақырымға жетті. Алматы, Жамбыл, Көкшетау, Ақмолада (қазіргі Астана) автомобиль жөндеу зауыттары салынды. 12 облыс орталығында жаңа автовокзалдар іске қосылды. Қаржының өсуі, қазіргі заманғы техниканы еңгізу байланыстың әр түрін дамытуға мүмкіндік берді. Қалалық, телефон станцияларының қызмет көрсету дәрежесі екі есе ұлғайды. Республиканың он облыс орталығы фототелеграф байланысымен қамтылды. Хат-хабарларды еңдеуді механикаландыру мен автоматтандырудың нәтижесінде хат, газет, журналдарды жеткізу елеулі жылдамдады.



АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ӨРКЕНДЕТУГЕ АРНАЛҒАН ІС-ШАРАЛАР

- КОКП ОК-нің 1965 жылғы наурыз Пленумында ел басшылары тиімді аграрлық саясат талдамасын түзуге кезекті әрекетін жасады. Оның шешімдері колхоздар мен совхоздардың экономикасын көтеруге бағытталған шаралар жүйесін қарастырды. Бірнеше жылға тұрақты жоспарлар белгіленіп, ауыл шаруашылық өнімдерін сатып алу бағасы екі есе өсіріліп, жоспардан тыс өнімдер үшін үстем ақы телеу еңгізілді. Колхоздардан табыс салығын алудың шарттары өзгертіліп, шаруашылықтардың материалдық-техникалық базасы нығайтылды.

-
- Қазақстан Үкіметінің шешіміне сәйкес 18 совхоз толық шаруашылық есепке көшірілді. Басшыларының құқықтары кеңейтіліп, олардың әрбір совхоздың өндірістік қызметінің нәтижелері үшін жауапкершілігі арттырылды. Совхоздарды шаруашылық есепке көшіру жағдайды біршама жақсартты. Астық, сүт, жұмыртқа, ет өндірудің өзіндік құны төмендеді. Солай болғанмен ауыл шаруашылық өндірісінің өміршіл-әкімшілдік, жұмылдырушылық (мобилизация) жүйесі өзгеріссіз қалып қойды. Шаруалардың экономикалық мүдделеріне нұқсан келтіру жалғаса берді. Оның нәтижесі - халықтың ауылдық жерлерден қалаларға қоныс аударуы болды.

АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ТҰРМЫСЫ

- Республикалық деңгейде ауыл тұрғындарының тұрмыс дәрежесін көтеру жөніндегі арнайы бағдарламалар қабылдана бастады. Қабылданған бағдарламалардың негізгі мақсаттары: колхозшылардың табысын енеркәсіп жұмысшылары мен қызметшілердің табысына жақындату; бөлшек тауар айналысы мен ақылы қызметтердің өсу қарқыны есебінен ауылдың әлеуметтік жағынан қамтамасыз етілуін жақсарту; ауылда қалалық, тұрмыс жағдайларына жақын жағдайлар қалыптастыру еді, кейінірек - өлеуметтік-мәдени маңызы бар нысандар - клуб, ауруханалар, медициналық пункттердің қауырт құрылысын жүргізу міндеттерін жүзеге асыру көзделді. Ауыл шаруашылық қызметкерлеріне негізгі жалақыға қоса жұмысты өз уақытында өрі сапалы атқарғаны үттің, біліктілік дәрежесі, мал шаруашылығындағы жоғары өнімділігі үшін қосымша ақы төлеу т. б. тағайындалды. Экономиканың ауыл шаруашылық секторында реформалар, электрлендіру саясатын жүргізуде сол кездегі республика Министрлер Кеңесінің төрағасы Бәйкен Әшімулы Әшімов үлкен еңбек сіңірді. Ірі әлеуметтік қайта құрулардың қатарына колхозшыларды зейнеткерлікпен қамтамасыз ету мен әлеуметтік жағынан қамсыздандырудың бірыңғай жүйесін жасау жөніндегі елеулі қаржы жұмсалған мемлекет шараларын жатқызуға болады. Қабылданған шаралардың нәтижесінде совхоздардағы орташа айлық жалақы 1980 жылы 175,2 сомды құрап, 1965 жылмен салыстырғанда 1,8 есе кебейді. 1962-1963 жылдары 7 жылдық мектептен 8 жылдық мектепке кешу аяқталды.

- Тұрғын үй құрылысында оң өзгерістер байқалды. Мысалы, зерттеуші Б. Біржановтың есептеулері бойынша, тек Атырау (бұрынғы Гурьев) облысының өзінде ғана 1970 жылы 69,6 шаршы метр тұрғын көлемі бар 1 807 пәтер, 109 орынға арналған асхана, сағатына 156 адамға арналған 15 монша, 250 орынға арналған 5 балалар бақшасы, 880 орны бар 2 мектеп салынып, іске қосылды, 46 елді мекен электрлендіріліп, 2 551 пәтерге газ берілді.
- Көптеген елді мекендерде коммуналдық жағдайлары бар сапалы үйлер салынып, жолдарға асфальт төселді, ауылдар көгалдандырылды. Бірқатар шағын елді мекендер мен шопан үйлеріне электр жарығы жеткізілді. 1976 жылы Петропавл жылу-электр орталығының іске қосылуымен Солтүстік Қазақстан республикадағы толық электрленген өлкелердің біріне айналды. Село (ауыл) еңбекшілерінің тұрмыс дәрежесі сапалық жағынан жақсарды. Мәселен, 1970 жылдан 1975 жылға дейін Солтүстік Қазақстан облысындағы Ақтас шағын ауылында 8 жылдық мектеп үйі, клуб, медицина пункті, монша, оннан астам тұрғын үйлер салынып, іске қосылды.

И. ХУДЕНКОНЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚТЫ БАСҚАРУДАҒЫ ЖАҢА ӘДІСІ

- 70- жылдары республика ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің бірқатары шаруашылық жүргізудің қалыптасқан құрылымын өзгертуге әрекеттенді. Сондай адамдардың бірі - И.Н. Худенко еді. Еңбекшіқазақ ауданындағы «Іле» совхозын, кейін Алматы облысы Күрті ауданының «Ақши» совхозын басқарған ол ауыл шаруашылығын басқарудың жаңа формаларын еңгізе бастады. Мысалы, ол сол кездің өзінде фермерлік шаруашылықты дамытуға әрекеттенді, қағаз- бастылықты құрт азайтып, шаруаларға бірқатар еркіндіктер берді. Совхоздағы жағдай анағұрлым жақсарып, еңбек өнімділігі артты, тәртіп нығая түсті. Мұндай бастама бұрынғыша шаруашылық жүргізудің ескі әдістерімен бұйрық беріп, өмір етуге үйренгендерге ұнауы мүмкін емес еді. Совхозға бірінен соң бірі республика Ауыл шаруашылығы министрлігінен бастап партияның аудандық, облыстық комитеттерінен әр түрлі комиссиялар жиі келе бастады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- <https://kk.wikipedia.org>
- <https://kazaksha.info>
- <https://surak.baribar.kz>
- <http://testent.ru>
- <http://bigox.kz>